



ӘЛЕУМЕТТАНУ АБЫЗЫНЫҢ ӨСИЕТІ: Н.А. АИТОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ



Биыл әлеуметтік ғылымдар саласының көрнекті өкілі, әлеуметтік құрылым және әлеуметтік жобалау мен жоспарлау, өндіріс және қала әлеуметтануының отандық мектебінің негізін қалаушылардың бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор Нариман Абдрахманович Аитовтың туғанына 100 жыл толып отыр. Н.Аитов есімі ғылыми ортада қатаң эмпириялық зерттеулермен, нақты деректерге негізделген талдауларымен танымал. Алайда, ғалымның мұрасында оның дүниетанымдық көзқарасының эволюциясын көрсететін ерекше бір еңбек бар. Ол – 1996 жылы Алматыда жарық көрген «Моя социальная философия» (Менің әлеуметтік философиям) еңбегі. Ғұмырының басым бөлігін маркстік әлеуметтануға арнаған ғалымның зияткерлік тәубесі әрі ғылыми өсиеті іспетті осы еңбек – 90-жылдардың басындағы геосаяси дүмпүлер, КСРО-ның ыдырауы тұсында Н.Аитовтың бұрынғы догмаларды қайта зерделегенінің айғағы.

Назарларыңызға алғаш рет қазақ тілінде ұсынылып отырған монографияның «Алғы-сөзінде» Н.А. Аитов марксизмнен неге бас тартқанын, бірақ оны неліктен толық жоққа шығармайтынын түсіндіреді. Ол марксизмнің ХІХ ғасырдағы капитализмді түсіндірудегі қауқарын мойындай отырып, оның қазіргі «постиндустриялық қоғам» мен тарихи «өтпелі кезеңдерді» түсіндірудегі дәрменсіздігін ашық айтады.

Аитовтың бұл мәтіні бүгінгі қазақстандық әлеуметтанушылар үшін несімен құнды?

1. Сыни ойлау үлгісі: Автор өзінің бұрынғы ұстанымдарынан бас тартудан қорықпайды. Ол марксизмді «Прокруст алаңына» (*құбылыстың мәніне сай келмейтін жасанды өлшем*) теңей отырып, ғылыми шындық бәрінен жоғары екенін көрсетеді.

2. Постмодерн салдарын маркстік талдау нәтижесіндегі сыңаржақтылық марксизмді қайта зерделеудің қажеттілігін тудырады.

3. Жаңа теория ізденісі: Мәтін соңында ол жас ғалымдарды ескі қалыптан шығып, қоғамдық дамудың неғұрлым әмбебап теориясын жасауға шақырады.

Н.А. Аитовтың 100 жылдық мерейтойына орай, оның ғылыми мұрасын жаңғырту және қазақ тілді оқырманға жеткізу мақсатында төмендегі аударманы ұсынып отырмыз.

**Н.А. АИТОВ. МЕНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯМ (МАРКСПЕН ҚОШТАСУ).
– «Ғылым» баспасы, Алматы, 1996**

Қазақ тіліне аударған Б.Ж. Смағамбет, а.ғ.к., доцент

АЛҒЫСӨЗ

Бүкіл әлемде марксизмді жақтаушылар саны орасан зор, оның беделінің деңгейі елімізде қайта құру басталған сәттен-ақ айтарлықтай төмен болғанына қарамастан (уәде көп болды, ал нәтижелері көңіл көншітпеді), көптеген адам әлі де өмірлік түйткілдер шешімін марксизммен іздеуде.

Қайта құрудың күйреуі, 1991 жылғы тамыз оқиғасы, әуелі Кеңес Одағының, одан соң бүкіл социалистік жүйенің ыдырауы – марксизмді тығырыққа тіреді, миллиондаған жан оған сенуден қалды.

Алайда, бірнеше жыл өткеннен кейін «Бразаускас эффектiсi» деп аталатын құбылыс пайда болды: коммунистердің демократиялық, заңды жолмен билікке қайта оралуы. Яғни, капитализмді мадақтаушы-журналистер қанша тырысқанымен социализмде бәрі жаман болмағанының айғағы еді.

«Марксизм-ленинизм ілімі – құдіретті, себебі ол – ақиқат» деген қағидаттың жалған екенін өмір дәлелдеді.

Марксизмді сынау, одан баз кешу орын алды, жаңа құдайды жасау мен жаңа құдайды іздеу басталды. Біреу марксизмді – исламға, енді бірі – христиандыққа, тағы біреуі – кришнаизмге, біреуі – дзен-буддизмге ауыстырды. Мүмкін базбіреу діңгекке де табына бастаған болар – оны да жоққа шығаруға болмайды, себебі қайта құру кезінде зиялы қауымның есеңгіреп қалғаны соншалық – кез келген көсем мен көсемсымақтардың, тіпті көбірек уәдені үйіп төксе, В.Жириновскийдің соңынан да ере кетуге даяр еді.

Ал жұмақта ғана уәдені үйіп-төгуге болады, бірақ ол жақтан ешкім қайтып оралмады және ондағы жағдай хақында баяндамады. Шынында газеттер пұтқа табынушылықтың қайда жанданғаны (Мордовияда ма әлде Чувашияда ма, ұмыттым), волхвтар мен сиқыршылар пайда болғаны, адамдардың ағаш діңгекке табынуы туралы хабардар етіп жатты.

Марксизмнің дағдарысы басталды. Кеше ғана оны паш еткен ренегаттар бүгін атына лағынет айтып жатыр. Идолдарды ауыстыру – Ресей зиялы қауымы үшін аса жаңалық емес. Мына жолдар сменовехшылдарға (*Ақ эмиграцияның алғашқы толқыны ұйымдастырған саяси қозғалыс атауы Прагада 1924 жылы шыққан «Смена вех» мақалалар жинағымен байланысты – аудармашыдан*) тиісті емес пе еді:

Табынғанымды өртедім,
Өртегеніме табындым.

Осындай қым-қиғаш қиылыстарда кейбір зиялылардың пікірі халықтың пікірі ретінде ұсынылды.

Кешегі коммунист жетекшінің бүгін ел алдында маңдайын шіркеу еденіне ұруы немесе Меккеге қажылыққа баруы сәнге айналды. Кеше ғана марксизмді мақтаған осы екіжүзділер өзін саясаткермін деп атайды.

Ал бір генерал – Иуда, СОКП-ның ең жоғары лауазымын иеленген адам – мұрағаттарды ақтарып, одан барлық былықты қазып алып, өзіне сенім артқан партияны сонымен былғады. Ал СОКП халықтың мүддесін қорғап, соның игілігі үшін жұмыс істегенін дәлелдейтін құжаттарды неге екені белгісіз, жариялағысы келмеді... Қайта құру мен шығармашылық марксизмнің басты идеологы А.Н.Яковлев енді социализмді балағаттап отыр... Қайран ақиқат!

Аңқаулық танытпай-ақ қояйық. Мәселе тек гуманитарлық зиялылардың ашу-ызасында емес. Қазір үш саяси бағыттың қиян-кескі күресі жүріп жатыр: социалистік қайта құру бағыты – казармалық социализмнен демократиялық социализмге өтуді мақсат етсе; капиталистік қайта құру бағыты – капитализмді қалпына келтіруді, тіпті, мүмкін болса, Романовтар әулетінің мұрагерлерін Ресей тағына қайта отырғызуды көксейді; ал қайта құруға қарсылар болса, 1985 жылға дейінгі тәртіпке оралуды армандайды. Міне, антимарксистік дүрмек – капитализмді қалпына келтіруді көкसेгендердің мүддесінен туындаған құбылыс.

Марксизмге әділ қарап көрелік. Марксизм ілімі көптеген дұрыс идеяларға кенде емес. Объективті фактордың рөлі, тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіру, материалдықтың руханидан басымдығы жайлы идея – қазіргі қоғамдық теорияның іргетасы. Бұл – марксизмнің ұлы жетістігі. Қалай болғанда да, бұл – А. Тойнбидің тарих – «жаратушыдан бастау алып пәни мақсатқа қарай жылжып бара жатқан құдайдың ісі»¹ деген тұжырымынан немесе Л.Н. Гумилёвтің халық дами бастағанда бір тылсым қозғаушы күш болатыны, кейін оның әлсірейтінін айтқан көзқарасынан да немесе Жаңа Гвинеядағы алғашқы қауымдық тайпалардың «тікұшақ жын-перінің күшімен ұшады» деген түсініктерінен әлдеқайда ғылыми. Белгілісі – Жаратушының еркін алдын ала болжау мүмкін емес, сондықтан өткенді зерттеу болашақты тануға (ал ол – ғылымылықтың аса маңызды белгісі) сонша септігін тигізе алмайды.

Гумилевтегі қайдан келгенін және жоғалғанын білмейтін күші бар тіреуіштер де – ғылым емес. Жын-шайтан да – ғылым зерттейтін мәселе емес.

Бірақ, сонымен бірге марксизм қалыптасқан сәттен бері жүз елу жыл өткенін есте ұстаған жөн. Бұл қоғамдық ғылымдардың дамуы, қомақты материалды жинақтау уақыты болды. Тіпті марксизмнің кейбір мәселелерде мүлтіксіз емес екені айқындалды.

Марксизмде нақты не расталмады? Біріншіден, тарихи құбылыстардың біразын таптық күрес теориясы аясында түсіндіру қиын, мысалы, Сальвадор мен Гондурас арасындағы «футбол соғысы», қайта өрлеу дәуіріндегі діни соғыстар, XX ғасырдың II жартысындағы капитализмнің кенеттен қайта өрлеуі (Маркс теориясы бойынша өндіргіш күштер неғұрлым дамыған сайын, олардың және өндірістік қатынастардың арасындағы қайшылық соғұрлым арта түседі, демек, капитализм баяғыда құрдымға кетуі керек еді). Исламның қайта жандануын, ислам фундаментализмі мен терроризмнің күшеюін түсіндіру де қиын. Көптеген құбылысты, соның ішінде біздің елдегі дағдарысты марксизм аясында түсіндіру өте қиын.

¹ Тойнби А. Дж. Постигание истории. М., 1991, с. 618

Сонымен, марксизмнің шектеулігі бар екені анықталды. Иә, диалектикаға сәйкес, әлем тарихындағы барлық құбылысты түсіндіретін мәңгілік теория жоқ және болуы мүмкін емес. Тарих өзгермейтіндей көрінеді! Маркстің өздерінің алдындағы гегелшілдер сияқты қателікке ұрынды. Диалектик Гегель даму абсолюттік идеяны дамытудың ең жоғары сатысы – Пруссия королдігінің құрылуымен аяқталады деп шешті. Маркстің үшін даму коммунистік қоғамның құрылуымен аяқталады. Осыны көңілді философтарымыздың бірі тіпті өлеңмен түйреп өткені де бекер емес:

Абсолютті идея толық шеңберді аяқтады:

Канттың орнына – Федосеев, Гегельдің орнына – Иовчук.

Қазір кейбір экономикалық дамыған елдер постиндустриялық қоғамға көшу жолында тұрған кезде, таптық күрес құлдырап бара жатқаны белгілі болды. Оның құлдырауының себебі – пролетариаттың кедейлігі, оның абсолютті жоқшылыққа ұшырауының жойылуы, оның әл-ауқаты үнемі өсіп келеді. Ол қоғамдастықтың, баспасөздің және демократиялық мекемелердің (парламент түрінің) қысымымен капиталистердің жалпы қажеттіліктерге (мысалы, үнемдеуге, ғылымға, білімге) көп қаражат жұмсауға мәжбүр болғандықтан да құлдырайды.

Пролетарийлер бұрынғыдан әлдеқайда байқуатты өмір сүре бастады және капитализм күшейді, міне тап осы сәтте сұрақ туындады: әлемдік тарихтың біртұтас қозғаушы күші болуы мүмкін бе? Тарихи даму барысында өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы қайшылық қоғамды алға жылжытады ма? Қазір АҚШ, Жапония, Франция және т.б. жұмысшылардың жартысынан көбі материалдық емес өндіріс саласында жұмыс істейтінін ойласаң, бұған күмән келтіре бастайсың. Мәселен, Жапонияда 1991 жылы жұмыспен қамту мынадай болды: жұмыспен қамтылғандардың 24,2% – өнеркәсіпте, 7,6% – ауыл шаруашылығында, 22,8% – саудада, 9,4% – құрылыста, 30,9% – қызмет көрсету саласында жұмыс істеді².

Теорияда бұл нені білдіреді? Өндіргіш еңбек пен өндіргіш күштердің анықтамасы өзгерді. Маркс өндіргіш күштердің құрамына тек материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететінін ғана (дене еңбегінің өнімін) қосу арқылы қателік жіберді. Бұл түсінікті де: Маркстің тұсында ой еңбегі мен оның «өнімдерінің» рөлі де мардымсыз еді.

Бірақ ежелгі Римде пролетарийлердің ұраны: нан мен ән еді ғой. Ол кезде де ой еңбегінің «өнімдері» қажет болды. Қазір, бос уақыт көбейіп, кино мен теледидар пайда болған кезде ол тіпті қажет. Сонымен, қазір қоғамдық көзқарас тұрғысынан кез келген ой еңбегі өнімді – тіпті жұма күндері көңілімізді көтеретін Л. Якубовичтің «Ғажайыптар алаңы» (*«Поле чудес» – кеңестік қайта құру кезеңіндегі және заманауи ресейлік танымал телешоу – аудармашыдан*) да.

Бұл – біріншіден. Екіншіден, пролетариат қоғамды артынан ерте алатын ең озық тап емес екені белгілі болды. Кезінде пролетариат өз күшімен тек тредюниондық-эгоистік сананы дамыта алады деп В.И. Ленин жазған еді. Югославия тәжірибесі мынаны көрсетті: жұмысшылар кәсіпорындарды өз басқаруына қаратып, өздерімен өздері болған кезде еңбек ұжымдары қомақты мемлекеттік несиелерді алып, оларды адам сенгісіз жоғары жалақыға жұмсап, ақырында сол қаржыны тауысып, жан-жаққа қашып кетті. Ғылыми-техникалық революция жағдайында жұмысшы тек қоғамның дамуында шешуші рөл атқаратын ғалым мен инженерге көмектесуі тиіс.

² Қараңыз: Правда, 1991, 10 апреля

Шынында да, бүкіл адамзат тарихында (алғашқы қауымдық құрылыстан басқа) қоғамның дамуын таптық күрес анықтады ма? Орта ғасырлардағы діни соғыстардан таптық күрестің элементтерін табуға тырысыңыздаршы: екі жақта да соғысқан – сол ақсүйектер, қалалық буржуазия, қолөнершілер мен шаруалар еді. Таптық күрес тек капитализмге ғана тән емес пе – себебі марксизмнің жан-жақты зерттегені де – сол ғана. Ал басқа қоғамдық құрылымдарда бір-бірімен күрескендер – касталар, сословиелер, кландар, яғни таптық бөлініске сай келмейтін топтар.

Ал енді ұсақ буржуазиялық шаруалардың «мәңгілігін» қалай түсіндіреміз? Олар құлиеленушілік қоғамда да, феодализм дәуірінде де өмір сүрді. Марксизм шаруаларды белгілі бір формацияға ғана тән тап ретінде қарастырады, бірақ олар капитализмде де сақталып, қазір қайтадан социалистік қоғамда да пайда болуда. Мұндай жағдайда формациялар мен таптық ұстанымға қалай қарау керек? Әрине, капитализм жағдайында шаруалар үздіксіз күйреуге ұшырап, саны азаяды деп жазуға болады – бірақ олар бәрібір жойылып кетпейді. Тіпті 1950-жылдары Батыс Еуропада ұсақ шаруаларды жоюға бағытталған Мансхольттың «Жасыл жоспары» да оларды толық жойып жібере алмады (тек олардың санын біраз қысқартты).

Мұның барлығы марксизмнің шектеулілігін көрсетеді. Бізге марксизм тек капитализмді талдауға ғана қолдануға болатын сияқты көрінеді – оның өзінде де ХІХ ғасырдағы. Сол кезеңде марксизмнің бүкіл терминологиясы мен ұғымдары жақсы «жұмыс істеді». Расында да, бұл жерде алдыңғы шепте тұрған – клан, каста немесе сословие арасындағы күрес емес, таптар арасындағы күрес. Дәл осы кезеңде өндіргіш күштердің дамуы өндірістік қатынастардың өзгеруіне (дәлірек айтқанда, талап етті) алып келді. Алайда осы ұғымдарды басқа дәуірлерді зерттеуге қолдануға тырысқанда – олар «жұмыс істемейді». Рим империясының құлиеленушілік құрылысы құлдардың өз бостандығы үшін күресінің нәтижесінде құлаған жоқ (Спартак көтерілісі, Рим құлағанға дейін бірнеше ғасыр бұрын жеңіліс тапқан). Және сонымен бірге құлиеленушілік құрылым да жойылды.

Марксизм тұрғысынан алғанда Шыңғыс ханның адамзат тарихында алып империя құруын қалай түсіндіруге болады? Әрине, оның өлімінен кейін империя іс жүзінде тәуелсіз ұлыстарға ыдырады. Бірақ сол ұлыстар жүздеген жылдар бойы өмір сүрді! Ал бұл алып мемлекеттердің материалдық алғышарттары да болмаған – оларды біріктірген сауда да, мәдениет те, дін де жоқ еді. Сол ұлыстардың қанаушы таптары да өз халқының есебінен емес, негізінен басқа халықтарды тонау арқылы өмір сүрді. Мұнда таптық күрес қайда?

Киевтің ұлы князі Владимир өз мемлекеті үшін дінді таңдап, көрші Византия империясынан православиені қабылдады. Ол католицизмнен бас тартып үлкен қателік жасаған жоқ па? Өйткені осы шешім Ресейдің Батыс Еуропадан оқшаулануының және одан артта қалуының басты себептерінің бірі болды. Ал бұл Владимирдің өндіргіш күштермен де, өндірістік қатынастармен де байланысты емес жеке таңдауы еді.

Марксизм тұрғысынан постиндустриялық қоғам туралы айту тіпті қиын, өйткені дамыған капиталистік елдер дәл қазір соған қарай жылжып келеді және қоғам ғылыми-техникалық революцияның қуатты дамуы нәтижесінде қалыптасуда. Әрине, әзірге постиндустриялық қоғам толық қалыптасқан жоқ, бұл елдерде оның белгілі бір белгілері енді ғана көріне бастады. Бірақ оның сұлбасы қазірдің өзінде байқалады.

Бұл – кедейлік те, таптық күрес те жоқ қоғам; мұнда жеке адамның жоғары дәрежеге жетуіндегі шешуші рөлді дарыны мен білімі атқарады. Бұл – білім өндіру өндірістің басты саласы болып табылатын қоғам. Бұл – нағыз демократиялық қоғам, мұнда азшылық көпшілікке бағынады, бірақ сол азшылықтың құқығы да мойындалады.

Әртүрлі саяси жүйелердің өкілдері – екі ғалымның пікірін тыңдап көрейік. Академик М.Н. Моисеев: «Қоғамдық құрылымы өз азаматтарының шығармашылық әлеуетін барынша толық жүзеге асыруға қабілетті елдер ғана бүгінде прогрестің жаңа көкжиектерін аша алатыны барған сайын айқын бола түсуде», – деп жазады³.

Америкалық социолог және экономист Джон Гэлбрейт «Капитал экономикалық табыстың кілті болған кезде қоғамдағы басты қайшылық байлар мен кедейлер арасында еді... Біздің кезімізде адамдарды бөліп тұрған – білім... Дәл осы құбылыс қазіргі заманның елеулі таптық жіктелісін айқын көрсетеді», – деп жазады⁴. Көріп отырғанымыздай, әртүрлі мамандықтағы, әр елдердегі және саналуан саяси көзқарастағы ғалымдар бір шындықты мойындайды...

Қазіргі кезде кез келген елдің табысты экономикалық дамуының басты шарттарының бірі – дарынды менеджерлерді іріктеу мен тәрбиелеу, ғалымдардың шығармашылығын ынталандыру. Постиндустриялық қоғам барған сайын әрбір адамның дарынды болуын талап етеді. Дамыған капиталистік елдерде білім беруге, кәсіби даярлау мен қайта даярлауға ұлттық табыстың бұрынғы КСРО-ға қарағанда, едәуір үлкен үлесі жұмсалатыны бекер емес...

Осылайша, бұл жерде табиғаты капиталистік формалардан – мүлде басқа, жаңа мән – Маркс болжамаған постиндустриялық қоғам біртіндеп көріне бастады...Марксизм теориясы тұрғысынан мұндай қоғам жоқ әрі болуы да мүмкін емес: капитализмнен кейін социализм орнауы тиіс еді ғой. Ал іс жүзінде кеше ғана социалистік болған елдер қазір негізінен капитализмге қарай бет бұруда. Капитализм мен социализм арасында белгілі бір конвергенция (жақындасу, ұқсасу) жүріп жатыр. Әрине, бұл осы теорияны сынауға және терістеуге тырысуға болады, бірақ дәйектер – бесенеден белгілі. Өмір салтымыз барған сайын америкалық үлгіге ұқсап барады (тек кедейлігіміз бен Американың байлығын айтпасақ). Өндіргіш күштер саласында да үрдістер – ұқсас, тек техника жағынан АҚШ, Жапония және өзге капиталистік елдерден қатты қалып қойғанымыз ақиқат.

Кейде бүгінгі капитализмді зерделей отырып, социализмнің ертеңін болжау өте жеңіл. Капиталистік елдер жаппай урбанизация кезеңінен әлдеқашан өтті және оларда қала халқының саны мен үлесі азая бастады. Бізде қала халқының саны әлі де өсу үстінде (және өте жылдам). Әлбетте, әрбір отбасы автокөлік иемденген кезде бізде де автокөлік жолдары жеткілікті дәрежеде жақсы болады, халық қаладан ауыл маңындағы аймақтарға ағылады. Қала тұрғылықты жер болудан қалып (ондағы ауаның ластануынан), тек жұмыс орнына айналады. Тап қазіргі дамыған капитализм жағдайындағыдай. Осы конвергенцияны марксизм тұрғысынан қалай түсіндіруге болады? Дәл осы себептен оны (марксизмді – аудармашыдан) ұзақ уақыт бойы мойындамады, сандырақ, ауытқушылық, ревизионистік деп сынап-мінеді. Жаңаны жоққа шығару бәрінен оңай...

Міне, осының бәрі, яғни қайшылық пен үйлесімсіздік – мені мына ойға алып келді: «марксизм – тым тар әрі сыңаржақ теория». Италиян социологы Д. Порпора: «Адамнан

³Коммунист, 1988, №14, с.14

⁴Гэлбрейт Дж. Новое индустриальное общество. М., 1969 с.295-296

айырылған маркстік өндіріс тәсілі статикалық, жансыз бейнеге айналады. Адам әрекеті тап күресіне тарихи өзгерістер әкеле отырып, оны тірілтеді», – деп жазды. Шынында тұлға тек қана өндірістік қатынастардың жиынтығы болса, маркстік әлеуметтану жансыз сызбадан аспайды. К. Маркс былай деп жазды: «Жұмысшыдан қосымша өнімді қандай формада алу әдісі – қоғамның экономикалық формацияларын ажыратады...» Сырттай қарағанда мәніне терең үңілу секілді көрінгенімен, іс жүзінде өмірдің алуан түрлілігін тым қарабайырландырып, жұтаңдатады.

Юрген Хабермас идеяларын жеткізуші М. Пусей (*M.Pusey – аудармашыдан*) дұрыс айтады: «Қоғамның құрылымы мен динамикасы оның әлеуметтік құрылымы мен экономикалық негізіне (марксизмдегідей) немесе мағына, идея мен мәдени формаларына (идеализм, мәдениеттану немесе герменевтикадағыдай) ғана тірелмейді. Қоғамдық құбылыстар, керісінше, әр өлшем екіншісін шарттайтын және шектейтін бірінші және басқа өзара әрекеттесудің нәтижесі».

Раймон Аронның марксизмді тым әлсіз сынауы, оның тек ең көзге түсетін қайшылықтарына ғана назар аударғаны мені таңқалдырды.

Мен марксизмнен бас тартып отырған жоқпын: иә, қазіргі капитализмді түсіндіруге ол жарамды, сонымен бірге ол социализмге өту кезеңін айтарлықтай жақсы түсіндіреді. Дегенмен, ол қоғамдық өмірдегі өтпелі кезеңдерді (соның ішінде көптеген капиталистік кезеңге дейінгі) түсіндіре алмайды. Сондықтан, XIX және XX ғасырдың басындағы капитализмді және социализмнің құрылуын жақсы түсіндіретін марксизмді жеке жағдай ретінде қамтитын жаңа, неғұрлым жан-жақты теория қажет, басқа кезеңдерді зерттеу де марксизм – әлсіз теория. Бірақ, қазір маркстік ойдың шеңберіне сыймайтын көптеген жаңа құбылыстар пайда болды. Бір сөзбен, маркстік теория тым шектеулі және жаңа қоғамдық үдерістерді қамти алмайды. Бұл «Прокруст алаңы» (*құбылыстың мәніне сай келмейтін жасанды өлшем – аудармашыдан*) болып шықты.

Питирим Сорокиннің орыс пролетарлық революциясы жылдарында: «дәстүрлі әлеуметтану мен әрбір келесі сәт бүкіл алдыңғы тарихтың мақсаты деп саналатын, ал осы соңғысы барлық халықтар сапта шыңдалған сарбаздар ротасы сияқты дамудың бірдей кезеңдерінен өтетін базбір плац-парад бейнесінде көрсетілетін және осындай схемалар мен «тарихи даму заңдарын» орнатқысы келетіндер анықтаған соңғы бекетте аяқталатын тарихи сызбаны жақтаушы емеспін», – деп жазуы кездейсоқ емес.

Осыған орай маған марксизм мен қоғамдық ойдың соңғы жетістіктерін қамтитын неғұрлым жан-жақты теорияны жасау қажеттігі айқын бола бастаған сияқты көрінеді.

Сонымен оқырман талқысына өз теориям – аитизмді ұсыну үшін бойымдағы батылдығымды уысыма жинадым. Қаншалықты үдеге жеткенімді өзім емес, оқырман бағалайды. Не болғанда да, барымды салдым.